

Сабақтың мақсаты: а) білімділік: СН-4Б картоп отырғызғыш туратын толық мәлімет беріп, олардың теориялық білімдерін арттыру; ә) дамытушылық: техникаларды тану сұрақтарға жауап бере отырып, оқушылардың ойлау қабілеттері мен білімдерін тереңірек дамыту; б) тәрбиелік: қарым-қатынас және адамгершілік рухында тәрбиелеу.

1. Картоп егу үшін жалпы мағлұмат. Картоп отырғызу үшін төрт және алты қатарлы отырғызу машиналары шығарылады. Оның негізгі моделі төрт қатарлы СН-4В картоп отырғызғыш болып табылады. Ол картоп түйіндерін реттеп отырғызуға әрі сонымен бір мезгілде тыңайтқыш шашуға арналған СН-4Б машинасының негізінде реттеп отырғызу үшін СН-4В-2 (қырылғыш тасты топырақты жерге колданады), СКМ-6, СКС-4 т.б. картоп отырғызғыш машиналары жасалып шығарылуда. Төрт қатарлы САЯ-4 картоп отырғызатын машина әдеттегі көк өркенінің ұзындығы 2—3 см болып өнетін түйіндері бапталған картопты отырғызуға арналған. Ол картоптың өнімділігін 10—40 %-ке арттырады. Сонымен қатар өсімдіктің өніп-өсу кезеңін 12—15 күнге қыскартады. Картопты қуту үшін КОН-2,8 ВПМ және КРН-4,2Г түптеуіш-култиваторлары, торлы және айналмалы ротациялы тырмалар пайдаланылады. Топыраққа және климат жағдайларына байланысты түйінді жоталап немесе тегістеп егеді. Егу тереңдігі бір қалыпты болуы тиіс (жоталап екенде 10—18 см, тегістеп екенде 8—14 см). Белгіленген тереңдіктен  $\pm 2$  см ауытқуға болады. Бапталған түйіндер немесе өскіндер екен кезде зақымданбауы керек.

4. Жаңа тақырып оқып, тақырыппен байланады. Жаңа тақырып тактаға жазылады және түсіндіріледі (20-22 мин).

2. СН-4Б картоп егу машинасының құрылымы. СН-4Б картоп отырғызғыш массасы 40—100 грамдық өндіртмеген картоп түйіндерін жоталап және тегістеп отырғызуға арналған, сонымен бірге борозданың түбінен түйіннен төменірек етіп бөлек-бөлек тыңайтқыш себеді. Отырғызылған картоптың қатараралығы 60-70 см болады. Ал қатарлы түйіндер аралығын 25, 30, 35 және 40 см мөлшерінде белгілеуге болады. Ол «Беларусь» тракторымен агрегатталады.

3. СН-4Б картоп егу машинасының іс принципі СН-4Б картоп отырғызғышы рамадан (2), қоректендіру шөміштері (13) бар екі бункерден (3), бункерлердің арт жағына екі-екіден орналасқан төрт көсіп алу аппаратынан (4), АТ-2А екі тыңайтқыш себедің аппараттан (5), бағдарлауыш доңғалағы мен борозданы жабатын жұмыс органдары бар (6) төрт сошниктен (7), жетек механизмінен, екі түрлі доңғалақтан (8), екі із қопсытқыштан, екі жақты электрлік сигнал беру жүйесінен тұрады. Картоп отырғызғыштың екі жақ бүйіріне тұтқалары бар және бөліп тұратын қалқанды басқыштар, ал трактордың рамасына